

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қыркүйек N 1060. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1118 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы N 1578 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 49, 472-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацында "ведомстволары" деген сөз "ведомствосы" деген сөзбен ауыстырылсын, "Инвестициялар жөніндегі комитет" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтың 6-1) тармақшасы алынып тасталсын;

11-тармақта:

9) тармақшадағы ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты жөніндегі мәселелері" деген сөздер алынып тасталсын;

9-1) тармақша алынып тасталсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 166 қаулысының 1, 2-тармақтары;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 маусымдағы N 628 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК